

	Жазған:	Еңбекті қорғау жөніндегі инженер
	Шыққан немесе соңғы қаралған күні:	Мектеп директоры
	Келесі қаралу күні:	07/06/2023
	Мақұлдаған:	07/06/2024
	Саясат нөмірі:	F15

## **СУЫҚ АУА РАЙЫНДА СЫРТТА ОЙНАУҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР ЖӘНЕ АУА САПАСЫ ИНДЕКСІН АНЫҚТАУ**

### **ЫСТЫҚ ЖӘНЕ СУЫҚ АУА РАЙЫНА ҚАТЫСТЫ РӘСІМДЕР**

Астана аумағының ауа райы әр маусымда түрліше өзгеріп, кейде шектен тыс қолайсыз болуы байқалады. Балалар ауа райы ыстық болған күндері жылуды көбірек сіңіріп алатындықтан, олардың ағзаға тез таратып, салқындатып үлгеруге мүмкіндіктері мен қабілеттері жете бермейді. Ыстық және суық ауа райына қатысты саясаттың мақсаты ашық ауада өткізілетін іс-шараларға байланысты тиісті ұсыныстар бере отырып, Haileybury Astana мектебі қауымдастығының, әсіресе оқушылардың ыстық ауа райында денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ыстықтың әсерінен пайда болатын аурулардың алдын алу болып табылады.

Балалардың көпшілігінде өз дене салмақтарының үстіңгі қабат көлемінің арақатынасына қатысты жоғары температураға байланысты ауруларға шалдығу қаупі жоғары болып келеді. Бұған қоса, балалар сұйықтықты ересектерге қарағанда тезірек жоғалтады, сондықтан олардың ағзалары да суды жылдам жоғалтуға бейім келеді. Ыстыққа байланысты аурулар ыстық ауа райымен қоса, құрғақ және ылғалды жағдайларда да күшейе түседі. Ыстыққа байланысты ауру үш негізгі фактордан туындайды: ылғалдылық, күн радиациясы және температура. Ылғалдылық ыстыққа байланысты аурулардың ең басты факторы болып табылады, сондықтан жылу индексін бақылауда ұстау керек.

### **ҚОЛДАНЫЛУЫ**

Haileybury Astana мектебінде ауа райының қолайсыздығы кезінде және ашық ауада өткізілетін сабақтар сәтінде балалар мен ересектерді тиімді басқаруды қамтамасыз ету үшін мектеп қоғамдастығының барлық мүшелері өмірлік маңызы зор рөл атқарады.

### **АНЫҚТАМАЛАР/ҚЫСҚАРТУЛАР**

- 1) HAS: Haileybury Astana School (Haileybury Astana мектебі).

- 2) Салыстырмалы ылғалдылық: ауадағы ылғал пайызы.
- 3) Температура: Цельсий бойынша ауа температурасы.
- 4) Жылу индексі-НІ: көлеңкелі аймақтардағы ауа температурасы мен салыстырмалы ылғалдылықты өлшеу, бұл температураның нақты сезілетін өлшемін көрсетеді.
- 5) Суық ауа райы: Қатал ауа райы - бұл түрлі қауіп-қатер мен ауыр әлеуметтік күйзелістерге, сонымен қатар адам өліміне әкелуі мүмкін кез келген қауіпті метеорологиялық құбылыстардың бірі. Суық ауа райына қатты жел, құмды және шанды дауылдар, нөсер жаңбыр, су тасқыны, бұршақ, сел, дала өрті, циклондар және басқа да табиғи апаттар жатады.

## 6) Ыстық ауа райына байланысты туындайтын аурулар:

- **Жылу құрысулары:**

Қатты ыстық ауа райында көп еңбектену немесе немесе шамадан тыс физикалық белсенділіктен кейін туындайды (бұл балаларға да, жасөспірімдерге де әсер етеді). Құрысу - бұл дененің жылуды жеңе алмайтындығының алғашқы белгісі.

**о Белгілері:** мөлшерден тыс көп терлеу, бұлшықеттің қатты ауыруы және құрысу (әдетте іште, қолдар мен аяқтарда), қалыпты немесе сәл көтерілген температура.

- **Дереу көрсетілуге тиіс алғашқы көмек:** салқын жерде демалу, сұйықтық беру, құрысуды жеңілдету үшін дененің бұлшықеттерін аздап созу және массаж жасау, сонымен қатар қысылған бұлшықеттерге қатты қысып уқалау. Егер құрысулар бір сағаттан астам уақытқа созылатын болса, қосымша көмек сұраңыз.

- **Жылудың сарқылуы:**

- Денедегі жоғары температураның әсерінен және шамадан тыс терлеудің себебінен сұйықтықтың орны деп кезінде толықтырылмауынан туындайды.

- **Белгілері:** қатты терлеу, бозару, бұлшықет спазмы, шаршау, әлсіздік, бас айналу, бас ауруы, жүрек айну немесе құсу және естен тану.

- **Дереу көрсетілуге тиіс алғашқы көмек:** салқын, көлеңке әрі жақсы желдетілген жерде демалу, адам үстіндегі киімін шешу, аяқтарын жоғары көтеріп жатқызу, дымқыл киім кигізу немесе су себу; бірнеше жұтым су ішкізу. Егер құсу пайда болса және жиі қайталанатын болса, бірден көмекке жүгініңіз.

- **Күн өтіп кету:**

Бұл жоғары температураға байланысты туындайтын аурулардың ішіндегі ең ауыры болып табылады. Бұл адамның өз дене температурасын басқара алмаған кезінде пайда болады: дене температурасы ойламаған жерден тез көтеріліп кетеді, терлеу механизмі істен шығады және дене өзін суыту қабілетінен айрылады.

○ **Белгілері:** жоғары дене қызуы (40<sup>оc</sup> немесе одан жоғары); ыстық, қызыл және құрғақ тері; терлеу мүмкін болмайды, бас ауруы немесе шаршау белгілері де болмайды; жүрек айну және құсу; жылдам және күшті импульс, сананың шатасуы және бағдардың бұзылуы. Кома мен құрысуға жалғасуы мүмкін.

➤ **Дереу көрсетілуге тиіс алғашқы көмек:** салқын бөлмеге ауыстыру, науқасты дымқыл және суық шүберекпен орап, сорғышпен салқын су себелеп, дененің сулануын қамтамасыз ету арқылы дене температурасын төмендету. Дерее медициналық көмекке жүгіну.

● Күнге күйіп кету:

Күннің ультракүлгін сәулелерінің шамадан тыс әсер етуінен болады.

○ **Белгілері:** ауырсыну, қызыл және жылы тері, терінің күлдіреп кетуі.

➤ **Дереу көрсетілуге тиіс алғашқы көмек:** күйген жерге салқын шүберек қою немесе салқын ванна қабылдау, денені ылғалдандыратын лосьон жағу, жарақат орны жазылып кеткенше күн сәулесінен аулақ болу және терінің күлдіреп кеткен жерлерін жармау, бетін тырнап ашып тастамау.

● Жылу бөртпесі:

Бұл ыстық және ылғалды ауа райында шамадан тыс терлеуден туындайтын терінің тітіркенуі.

○ **Белгілері:** әдетте мойында, кеудеде, шапта немесе шынтактағы терінің күлдіреп, безеу тәрізді қызыл ұсақ көпіршіктердің жиналуы.

➤ **Дереу көрсетілуге тиіс алғашқы көмек:** салқын және құрғақ ғимаратқа көшу, салқын душқа түсу, сонымен қатар денедегі бөртпелерді құрғақ ұстау.

## ЖАУАПКЕРШІЛІК

1) Ауа райының қолайсыздығына қатысты саясатты әзірлеу және жаңарту Naileybury Astana мектебі еңбекті қорғау жөніндегі инженері мен Медициналық бөлімнің міндеттеріне кіреді.

2) Еңбекті қорғау және еңбек гигиенасы қауымдастығы мен медицина департаменті мұғалімдерге ыстық немесе суық ауа райы туралы тиісті ескертулер жіберуге жауапты.

3) Еңбекті қорғау қауымдастығы Naileybury Astana мектебі мұғалімдер ұжымы мен қауымдастығын ауа райының қолайсыздығына қатысты саясатпен және ашық ауада іс-шаралар өткізу бойынша ұсыныстармен таныстыруға және бұл нұсқаулықтың ата-аналарға қолжетімді болуын қадағалауға жауапты.

4) Naileybury Astana мектебі басқару ұжымының міндеттеріне саясатты жүзеге асыру және мұғалімдердің балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды орындауын қамтамасыз ету кіреді.

5) Аспаптарды әзірлуші Инженер ауаның температурасын, ылғалдылығын және ауаның ластануын, желдің күші мен бағытын өлшеу үшін интеллектуалды метеостанцияның жұмысын үздіксіз қадағалап отыруға жауапты болады.

6) Бастауыш мектеп хатшысы мен мектептің негізгі хатшысының міндеттеріне ауа райы туралы ақпаратты жаңарту, HI-chart кестесіне сәйкес жылу индексі анықтау және келесі уақыт аралығында ашық ауада іс-шаралар өткізу бойынша ұсыныстар кіреді: таңғы 7.45, таңғы 9.45, таңғы 11.45, түскі 12.25 немесе әдеттегі қарбалас уақытта.

#### • ЕСКЕРТУ:

Оқуға жоғары басшылыққа, мектептің мұғалімдер ұжымына, медициналық бөлімге және коммуникация процестері арқылы еңбекті қорғау жөніндегі инженерге беріледі. Ойын мен белсенділік жылу индексі бойынша ұсыныстарға сәйкес берілген көрсеткіштер негізінде бақыланады.

Бұл саясатты орындау жауапкершілігі барлық HAS қызметкерлеріне, ата-аналарға және оқушыларға жүктеледі.

## РӘСІМДЕР МЕН МІНДЕТТЕР

HAS әрқашан өз оқушыларының, қызметкерлерінің және ата-аналарының денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты және бұл ыстық, суық ауа райында ашық ауада өткізілетін іс-шараларды да қамтиды.

Ашық ауада ойнау /оқу/ ашық ауада демалу кезінде балаларды үнемі ыстықтан пайда болатын ауру белгілеріне мұқият бақылап, қажет болған кезінде дереу кез келген қажетті шараларды қабылдау керек. Барлық қызметкерлер жоғары температураға байланысты аурулардың белгілері мен нышандары туралы соңғы оқиғалардан хабардар болады. Ашық жерлерде көлеңкелі аймақтар болуы керек. Салқын су барлық балаларға тәуліктің кез келген уақытында қол жетімді болуы керек.

1) HAS мектебінің **ата-аналардан** күтетін әрекеттер:

- Баласының сөмкесіне қалпағын салып қою.

- Баласын мектепке жіберер алдында күннен қорғанатын крем жағып беру.
- Балаларына мектепте сыртта ойнаған кезде қалпағын киіп жүру керектігін ескерту.
- Балаларына үнемі су ішіп жүруді ескертіп отыру.

## 2) Қосымша, НАС мектебі оқушыларынан күтетін әрекеттер:

- Мектепке келер алдында күннен қорғанатын крем жағып алу.
- Мектепте сыртта ойнаған кезде қалпағын киіп, үнемі су ішіп жүру.
- Мұғалімді және \ немесе Медициналық департаментке ыстық ауа райына қатысты туындайтын аурулары мен демікпе дерті бар болса, алдын-ала міндетті түрде ескерту.
- Мектепте сыртта ойнаған кезде әлсін-әлсін демалып отыру.

## 3) Академиялық басшылық тобы жасауға міндетті:

- Сыртқы термометрдегі немесе мектептегі ауа райы туралы басқа ақпарат дереккөздеріндегі температура мен ылғалдылықты қарастырыңыз.
- Ашық ауада іс-шараларды өткізуге арналған нұсқаулықтарды қараңыз және/немесе ашық ауада іс-шараларды өткізуге/үзіліске рұқсат беру немесе рұқсат бермеу үшін НІ (А қосымшасы) нұсқаулығын пайдаланыңыз.
- Найзағай, нөсер, қатты жел, нөсер жаңбыр, бұршақ, шаңды дауыл және т. б. сияқты басқа да қолайсыз ауа райынан сақ болыңыз.

## 3) Денешынықтыру \ Спорт департаментінің мүшелері тиісті әрекеттер:

- Сыртта ойнауға қатысты жазылған нұсқаулықты оқу, танысу.
- Дене шынықтыру және спорт департаментінің басшысына есептеу және баяндау үшін НІ (А қосымшасы) пайдалана отырып, ашық ауада іс-шараларды өткізуге/үзіліске рұқсат беруге болатындығын немесе рұқсат бермеу қажеттігі жайлы шешім қабылдайды.
- Оқушыларға ашық ауада жаттығу кезінде көп су ішуді және әрқашан бас киім киюді ескертіңіз.
- Мектепте сыртта ойнаған кезде әлсін-әлсін демалып отыру керектігін ескерту.
- Ашық ауада ойнау /оқу/ ашық ауада демалу кезінде балаларды үнемі ыстықтан пайда болатын ауру белгілеріне мұқият бақылап, қажет болған кезінде дереу алғашқы көмек көсету немесе мектептің медициналық департаментіне алып бару.
- Шаңды дауыл немесе басқа да қолайсыз ауа райы кезінде балаларға ашық ауада ойнауға рұқсат бермеңіз.

- Ауа райы шаңды болған кезде демікпесі бар балаларды мұқият бақылаңыз.
- 4) **Мұғалімдер мен мұғалім көмекшісінің жасауға тиіс әрекеттері:**
- Сыртқа ойнауға шығар алдында ашық ауада күн сәулесінің тікелей түсуіне байланысты оқушыларға күн сәулесінен қорғайтын крем жағуға шамамен 20 минут бұрын мүмкіндік беруді жоспарлау.
  - Оқушыларға ашық ауада жаттығу кезінде көп су ішуді және әрқашан бас киім киюді ескерту.
  - Мектепте сыртта ойнаған кезде әлсін-әлсін демалып отыру керектігін ескерту.
  - Оқушылардан ашық ауада жасалатын жаттығу кезінде көлеңкелі жерлерді пайдалануға бағыттау.
  - Жоғары температураға байланысты аурудың белгілерін мұқият қадағалау және дереу алғашқы медициналық көмек көрсете және/немесе балаларды мектеп медициналық бөліміне жеткізе.
  - Шаңды дауыл немесе басқа да қолайсыз ауа райы кезінде балаларға ашық ауада ойнауға рұқсат бермеңіз.
  - Ауа райы шаңды болған кезде демікпесі бар балаларды мұқият бақылаңыз.
- 5) НАС бүкіл қоғамдастықта денсаулық пен қауіпсіздікті сақтау үшін келесі шараларды қабылдады:
- Мектебіміз көлеңкелі ойын алаңдары / ашық алаңдармен жабдықталған.
  - Біз әрқашан субұрқақтардың/ салқын судың қолжетімді болуын қамтамасыз етеміз.
  - Біз ауа температурасы ыстық айларда ашық ауада жүргізілетін іс-шаралар кестесін өзгертеміз /азайтамыз.
  - Біз үкімет тарапынан берілетін нұсқаулықтар мен жаңартуларға сәйкес ауа райының қолайсыздығы кезінде ашық ауада өткізуді жоспарлаған іс-шараларымызды тоқтатамыз.

## **ҚОСЫМША**

- **Қосымша А:** Ыстық ауа райы индексінің диаграммасы
- **Қосымша В:** Ашық ауада демалуға арналған ыстық ауа райы индексі бойынша ұсыныстар

## Қосымша А: Ыстық ауа райы индексінің диаграммасы

Ауа Температура- сы, °С	19°	20°	21°	24°	26°	27°	28°	29°	30°	31°	32°	33°	34°	35°	36°	37°	38°	39°	40°	41°	42°	43°
0%	15	17	19	22	25	26	26	27	27	28	29	29	30	31	32	32	33	34	35	36	36	37
10%	17	18	19	23	25	26	26	27	28	29	29	30	31	32	33	34	35	36	37	38	39	40
20%	17	18	20	23	25	26	27	27	28	29	30	31	32	33	34	35	37	38	39	41	42	44
30%	18	18	20	23	25	26	27	28	29	30	31	32	33	35	36	38	39	41	43	45	47	49
40%	18	19	20	24	26	27	28	29	30	31	32	34	35	37	39	41	43	46	48	51	54	57
45%	18	19	20	24	26	27	28	29	30	32	33	35	37	39	41	43	46	49	51	54	58	61
50%	18	19	21	24	26	27	28	30	31	33	34	36	38	41	43	46	49	52	55	58	62	65
55%	18	19	21	24	26	28	29	30	32	34	36	38	40	43	46	49	52	55	59	62	66	70
60%	19	19	21	24	27	28	29	31	33	35	37	40	42	45	48	51	55	59	63	67	71	76
65%	19	20	21	24	27	28	30	32	34	36	39	41	44	48	51	55	59	63	67	72	77	82
70%	19	20	21	24	27	29	31	33	35	38	40	44	47	50	54	58	63	67	72	77	82	

- Ескерту: ыстық ауа райы индексін анықтау үшін температура мен ылғалдылықты салыстыру қажет. (Мысалы: сыртқы температура 32°С және ылғалдылық 45% болғанда, НІ мәні 33-ке тең, бұл қызғылт сары / ескерту санатына жатады).
- НІ кестесі мен ашық ауада іс-шараларды өткізуге арналған ұсыныстар көше термометрлері мен бастауыш мектеп әкімшісінің жанына орналастырылуы керек.

**Қосымша В: Сыртта ашық ауада демалуға арналған ыстық ауа райы индексі бойынша ұсыныстар**

<b>Ыстық ауа райы индексі</b>	<b>Іс-әрекет</b>
<b>27-ге дейін</b>	<b>ҚАУІПСІЗ</b>
	Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және жоспарлау негіздерін құру
	Балалар сыртта таза ауада ойнай алады.
	Балалардың іс-әрекетінен, көңіл-күйінен қолайсыздық сезінген белгілердің пайда болуын (ыңғайсыздық пен шаршау) жіті қадағалаңыз. Ауа райының басқа қолайсыз жағдайларына назар аударыңыз (нөсер жаңбыр, найзағай, қатты жел, шаңды дауыл).
	Балаларға бас киім киюді, күннен қорғайтын крем жағуды және жиі су ішуді ескертіңіз.

<b>Ыстық ауа райы индексі</b>	<b>Іс-әрекет</b>
<b>28-30</b>	<b>САҚТАНУ</b>
	Хабардарлықты арттырыңыз және сақ болыңыз
	Балалар ашық ауада ойнай алады, бірақ ыстық ауа райына байланысты болатын аурулардың белгілерін, әсіресе сезімтал топтарда бақылау керек. Қажеттілік туындаған жағдайда, ашық ауада болуды шектеңіз.
	Демалу уақытын және суды тұтынуды көбейтіңіз. Балаларға бас киім киюді және күннен қорғайтын кремді қолдануды ескертіңіз.
	Ашық ауада өткізуді жоспарлаған іс-шараларды салқын уақытқа (таңертең немесе кешке) ауыстырыңыз. Шектен тыс физикалық белсенділікті шектеңіз.

<b>Ыстық ауа райы индексі</b>	<b>Іс-әрекет</b>
<b>31-34</b>	<b>ЕСКЕРТУ</b>
	Сақтық шараларын ұстаныңыз және өзгерістерден хабардар болуды жалғастырыңыз
	Ашық ауада физикалық белсенді іс-шаралардан аулақ болу керек. Балалар барлық демалыстарын сыртта өткізе алмайды. Ашық ауада болу уақыты ең көбі 20 минутпен шектеледі. Балалар ашық ауаға шыққан кезде көлеңкелі орынмен қамтамасыз етілуі керек.
	Демалыс уақытын және суды тұтынуды көбейтіңіз. Балаларға бас киім киюді және күннен қорғайтын кремді қолдануды ескертіңіз.



	Жоғары температураға байланысты туындайтын ауруларға өте сақ болыңыз. Сезімтал топтардың сыртқа шығуына тыйым салынып, ғимарат ішінде қалуы керек.
--	---

Ыстық ауа райы индексі	Іс-әрекет
<b>35-тен жоғары</b>	<b>ҚАУІПТІ</b>
	Белсенді қорғаныс шараларын қолданыңыз
	АШЫҚ АУАДА ІС-ШАРАЛАР ӨТКІЗУГЕ БОЛМАЙДЫ. Ғимарат ішінде ойнайтын іс-шаралармен қамтамасыз етіңіз.
	Ғимарат ішінде ойнағандарына қарамастан, балалардың суды жеткілікті мөлшерде тұтынуын қадағалаңыз.
	Ғимарат ішінде ойнағандарына қарамастан, жоғары температураға байланысты ауруларға өте сақ болыңыз.

## СУЫҚ ЖӘНЕ ҚОЛАЙСЫЗ АУА РАЙЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ РӘСІМДЕР

Қалыпты жағдайда оқушыларға таза ауаға шығуға және ашық ауада, тіпті суық мезгілде де, жаттығулар жасауға рұқсат беру және ынталандыру ұсынылады.

Әдетте, оқушыларға ашық ауада  $-20^{\circ}\text{C}$  немесе одан төмен температурада ұзақ уақыт өткізу қауіпсіз емес екені белгілі. Алайда, қоршаған ортаның температурасына немесе күн ретін негізге ала отырып, олардың арасындағы өзгеріс туралы мәлімдеме жасау қосымша климаттық факторларды елемеуді білдіреді.

Жаздың кейбір күндері сыртта қауіпсіз немесе жайлы ойын ойнау үшін ылғал немесе тым желді болатын болса, ал қысқы жағдайлар, керісінше, кейде ашық, тыныш және қарда ойнау үшін өте қолайлы болуы мүмкін.

Оқушылардың жасы мен дене бітімі балалардың салқын, суық ауа райында, төмен температурада болу ұзақтығына әсер ететін тағы бір фактор болып табылады.

Желдің жылдамдығы мен қоршаған ортаның температурасы негізінде есептелген температура балалардың сыртта таза ауада ойнау уақытының ұзақтығын анықтайды. Бастауыш мектеп әкімшісі барлық қызметкерлерді болжамды температура туралы және оның қандай түсті «аймаққа» жататындығы туралы күн сайын таңғы 10-да және түскі 12-де хабардар етеді. Қандай әрекеттер жасап, қандай шара қолдану қажеттігі балалардың жасына байланысты сәйкес жүзеге асырылатын болады.

**Қызғылт сары аймақ:** ауа температурасы  $-5^{\circ}\text{C}$ -тен жоғары болған жағдайда, KS2 және жоғары сынып оқушылары сыртта таза ауада 40 минуттан аса, ал Балабақша мен бастауыш мектеп оқушылары 20 минут ойнай алады.

**Сары аймақ:** ауа температурасы -6 –дан -12°C болған жағдайда, KS2 және жоғары сынып оқушылары сыртта таза ауада 20 минуттан аса, ал Балабақша мен бастауыш мектеп оқушылары 15 минут ойнай алады.

**Жасыл аймақ:** ауа температурасы -13 -пен -25°C аралығы болған жағдайда, барлық оқушылар сыртта 10 минут көлемінде ойнай алады.

**Көк аймақ:** ауа температурасы -25°C болған жағдайда мектептің барлық оқушыларына сыртқа шығуға тыйым салынады.

Әр аймақта қабылданған температураның нақты мәнін алу үшін төмендегі кестені қараңыз. Осы құжаттың көшірмесін басып шығарып, оны бөлмеңізге іліп қойыңыз.

- **Қосымша:** Сыртта таза ауада ойналатын ойындар бойынша ұсыныстар: Қоршаған орта шарттары

**Қосымша: Сыртта таза ауада ойналатын ойындар бойынша ұсыныстар: Қоршаған орта шарттары**

	Қоршаған орта температурасы °C										
	5	0	-5	-10	-15	-20	-25	-30	-35	-40	
5	4	-2	-7	-13	-19	-25	-30	-36	-41	-47	
10	3	-3	-9	-15	-21	-27	-33	-39	-45	-51	
15	2	-4	-11	-17	-23	-29	-35	-41	-48	-54	
20	1	-5	-12	-18	-24	-30	-37	-43	-49	-56	
25	1	-6	-12	-19	-25	-32	-38	-44	-51	-59	
30	0	-6	-13	-20	-26	-33	-39	-46	-52	-59	
35	0	-7	-14	-20	-27	-33	-40	-47	-53	-60	
40	-1	-7	-14	-21	-27	-34	-41	-48	-54	-61	
45	-1	-8	-15	-21	-28	-35	-42	-48	-55	-62	
50	-1	-8	-15	-22	-29	-35	-42	-49	-56	-62	

## Мәні

Барлық оқушылар ең көп дегенде 40 минут		Барлық оқушылар ең көп дегенде 20 минут		Барлық оқушылар ең көп дегенде 10 минут		Барлық оқушыларға сыртқа шығуға тыйым салынады
---	--	---	--	---	--	--

## АУА САПАСЫНЫҢ ИНДЕКСІН АНЫҚТАУ

Төменде берілген ережелер ауа сапасын бақылауды және ауа сапасының мәндері жоғарылаған сайын сыртта таза ауадағы белсенділік деңгейін өзгертіп отыруды қамтамасыз етуге арналған.

1. Деректерді жинау үшін мектептің интеллектуалды метеостанциясы пайдаланылады. Аспап істен шыққан жағдайда АҚШ консулдығы ұсынатын мәліметтерді <http://aqicn.org/city/kazakhstan/astana/us-embassy> / ақпараттың резервтік көзі ретінде пайдалануға болады.

2. Қызметкерлерді басқару және қауіпсіздік маманы оқу күнінің басында Ауа сапасы индексі бақылайды және АСИ (Ауа сапасы индексі) электрондық пошта арқылы тиісті топтардың барлығына есеп береді; оған дене шынықтыру бөлімі, мектеп басшылары және бастауыш сынып қызметкерлері кіреді. Содан кейін ол белгілі бір уақыт аралығында тұрақты түрде тексеріліп тұрады.

3. Мектептің бас әкімшісі мен бастауыш мектеп әкімшісі бастауыш мектеп басшысына және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына күнделікті норма туралы 08:30 және 11:00-де хабарлап отырады.

- АСИ мәні 201 және одан жоғары болған сәттен бастап бастауыш мектеп оқушылары ашық ауада өткізетін барлық іс-шараларын тоқтатады.
- AQI 251 және одан жоғары деңгейге жеткен кезде орта мектеп ашық ауада өткізетін барлық іс-шараларын тоқтатады.

4. Дене шынықтыру департаменті қызметкерлері мен кезекші қызметкерлер тиісті түрде әрекет етеді.

5. Мектептің медициналық бөлімі дене шынықтыру департаментіне кез келген «сезімтал оқушылар» туралы хабарлауға міндетті, сәйкесінше олар төменгі АСИ мәндеріне сай әрекеттерін өзгертуі керек.

6. Мектептен кейінгі сабақтарға келетін болсақ, мектеп дәрігері немесе дене шынықтыру департаментінің меңгерушісі АСИ-ін бақылап отырады және барлық тиісті қызметкерлерді хабардар етеді.

7. Сенбі күнгі спорттық турнирлерді өткізу кезінде Халықаралық мектеп спорттық конференциясының (ISAC) ұсыныстары сақталады, атап айтқанда:

- Егер АСИ іс-шара басталардан 3 сағат бұрын 251 немесе одан жоғары болса, онда іс-шара тоқтатылады.
- Егер іс-шара басталып кеткеннен кейін АСИ мәні 276-ға дейін көтерілсе, сол сәттен бастап сайыс тоқтатылады.
- 276 мәніне жеткенше турнир басталғаннан кейін осы мәндер шегінде АСИ үшін өзгерістер жасалатын болады.

8. АҚШ қоршаған ортаны қорғау агенттігі әрбір АСИ санатына белгілі бір түсті тағайындады, осылайша кез келген адам өз елді мекендеріндегі ауаның ластануы зиянды деңгейге жететінін тез түсінуді жеңілдетеді. Мысалы, «қызғылт сары» түсі шарттардың «сезімтал топтарға зиянды» екенін көрсетеді, ал «қызыл» түсі шарттардың «бәріне бірдей зиянды» болуы мүмкін екенін білдіреді және т.б.

- **Қосымша:** Ауа түсі

#### Қосымша: Ауа түсі

Күнделікті АСИ	Алаңдаушылық тудыратын түс деңгейлері	Индекс мәні	Ауа сапасы мен тиісті шаралар сипаттамасы
Жасыл	Жақсы	0-ден 50-ге дейін	Ауаның сапасы қанағаттанарлық, ал ауаның ластануы болмашы ғана болғандықтан, іс жүзінде ешқандай қауіп төндірмейді.
Сары	Орташа	51-ден 100-ген дейін	Ауа сапасы қолайлы. Дегенмен, кейбір адамдар үшін, әсіресе ауаның ластануына ерекше сезімтал адамдар үшін қауіпті болуы мүмкін.
Қызғылт сары	Сезімтал топтар үшін қауіпті	101-ден 150-ге дейін	Сезімтал топ мүшелерінің денсаулықтарына әсер етуі мүмкін. Көпшілік денсаулығына елеулі нұқсан келтірілмейді.
Қызыл	Қауіпті, зиян	151-ден 200-ге дейін	Кейбір қоғам мүшелерінің денсаулықтарына әсер етуі мүмкін; сезімтал топтардың мүшелері денсаулықтарына әсер көбірек болатындытан, олар елеулі зардап шегуі мүмкін. Жекелеген сезімтал адамдарға арналған таза ауадағы дене шынықтыру

			сабағы мен үзілістер, өзге де іс-шаралар, тек өзгеріс орын алған жағдайда ғана рұқсат етіледі.
Күлгін	Денсаулыққа өте зиян	201-ден 250-ге дейін	Барлық адамдардың денсаулықтарына әсер ету қаупі артады. Бастауыш сынып оқушылары үшін ашық ауада жаттығулар мен үзілістер / іс-шаралар өткізуге тыйым салынады.
Күлгін	Денсаулыққа өте зиян	251 to 300	Барлық адамдардың денсаулықтарына әсер ету қаупі артады. Орта мектеп оқушылары үшін ашық ауада жаттығулар мен үзілістер, іс-шаралар өткізуге тыйым салынады.
Қою қызыл күрең	Аса қауіпті	301 және одан да жоғары	Денсаулыққа қатысты төтенше жағдай туралы ескерту: барлық адамға әсер етуі мүмкін.